

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

алып, сен үшін тарихи жылдарға өшпес із қалдырамын деген негізгі ой екпіні басым көрініп тұр. Ақиқат алдына бас ұру арқылы алдау мен арбау, өтірік пен жалған ұғымдарына синонимдік қатар өте орынды берілген. Бұл ретте ақын сөздік қорының өте жоғары екенін елемей өту қате дүние болар. Ақын өзі бекітетін тақырып табиғатына барынша беріліп, еркін ене алады, мүмкін сол себепті де болар әсем әрі көркем, түсінікті жеткізе алады. Әр өлеңінің ең басты мәселесіне назар аударып, бар көңілін соған бөліп екпін түсіреді. Алайда, өзге де тақырып арналарын, мағынасы жағынан берілетін бірқатар мәселелерді де қатар жанама түрде алып жүруге шама шарқы жететіні байқалады. Әр алуан ізденістері мен талпынысы арқылы, талмай талаптанған ерең еңбегі нәтижесінде көркемдік асыл мұраттарға оңай жетіп отырады. Өмір өнегесіне, артынан ерген жас буын ақындарына, оқырман қауымға, келекшек ұрпақ сауатына жіті мән береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ данышпандары кітабы, АЛМАТЫКІТАП 2009ж.
2. Ахметов З.А. Поэзия шыңы — даналық. — 1-бас. — Астана: Фолиант, 2002. — 408 б.
3. «Жас керуен» топтамалар жинағы – Алматы: 1976
4. Нәкенов С. «Күдіретті қолдар» - 1977
5. Нәкенов С. «Жұмақтың жолы» - 2001

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ

Қамбарова Ақмарал Сайлаубайқызы

Kambarova.akmaral@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1- курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ.М.

Көркем шығарма – нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттың дерегі. Сәтті шыққан көркем шығарма – бір жазушы келесіндегі ғана емес, бүкіл әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс, бүкіл өнер әлеміндегі тұрлаулы тұлға дейтін болсақ, образ – осынау өнер туындысындағы көп тұлғалардың бірі [1, 202б.]. Сөз өнері – өнер атаулысының ең қиыны да күрделісі». Шынында да өмірге өзгелерден өзгеше қарап, өзіңше баға беріп, бұлақтай таза жүрегіңнің үнін құлаққа қонымды етіп жеткізу, мөлдір, тұнық, сырлы сезім иірімдеріңмен өзгені өз әлеміңе ерте әкету нағыз талантты қажет етеді. Ал, бұл оңай ма? Әлбетте оңай емес. Демек, көркем шығарма жазу барлық адамға берілген мүмкіндік емес. Алайда, қазіргі таңда осы қасиеттің өз бойында бар – жоғына қарамастан қолына қаламсабын алып, қалам шебері болып шыға келетіндер де аз емес.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп- тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бұл жолдарды оқығанда бірден өлең туралы ғана емес, нағыз шығарманың қалай жазылу керектігі жайында сөз қозғап тұр. Өлең үзіндісі көркем шығарманың нағыз қасиетін, іші де, сырты да бейне бір бұлақтың сыңғырындай келісімде, үндесімде болғанын қалап тұрғандай. Демек, біз айтып отырған мазмұн мен пішін де – көркем шығарманың нағыз сұлулығын, белгілі бір келісімділігін беруі қажет. Сонда *әдеби шығарманың мазмұны – өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі*[1,205б.]. Осы ретте қазақ әдебиетінде өзіндік бір орны бар Роза Мұқанованың оқырманның жүрегінен орын алған «Мәңгілік бала бейне» туындысының мазмұны мен

пішінін қарастырайық. Шығарманың мазмұны - шындық өмірден алынған Семей полигонының қаншама халыққа тигізген ауыр зардабы, өмір қиыншылықтары, қаншама жастай ажал құшқан яки жараланып жазылмас дертке шалдыққан жазықсыз жандардың жан азабы. Шығарма мазмұнының пішіні - шығармада көркем жинақталған әдеби қаһармандардың Ләйләнің, Қатираның, Құмардың, Ләйләнің әжесінің қым-қиғаш өмір тартыстары, ауыр жан айқайлары. Бұл кейіпкерлер арқылы біз сол заман халқының тұрмыс – тіршілігін, өмірлеріндегі қиындықтарын біле аламыз. *«Шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішіні- әдеби қаһармандардың өзара қарым – қатынасына, тағдыр – тартысына негізделген сюжеті, композициясы және жазушының ең негізгі құралы – шығарманың тілі. [1,211б.].*

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкенді-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әр түрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі. Шығарманың құрылысы шымыр болуы, бас-аяғы, жеке тараулары жинақы келуі жекелеген бөлімдерінің орынды жалғасуына байланысты. Композицияның көркемдік қуаттылығы – әдеби шығармада не айтылғандығы маңызды болса, нені қай тұста айту, әр түрлі жағдай, оқиғаның, іс-әрекеттің қайсысын бұрын, қайсысын кейінірек баяндау – бұлардың да үлкен мәні бар[2,112б.]. Сонымен қоса, композиция тек пішінге ғана емес, мазмұнға да тікелей байланысты болып келеді. Көркемдік түрлердің орналасуы, ара қатынасы, яғни шығарманың мазмұны мен жанрынан өрбитін туындының құрылысы. Жалпы композицияның өзі де мазмұнға ие. Композицияның құралдары мен тәсілдері шығармада суреттеліп отырған құбылыстарға үстеме сән беріп, оны жандандырып, жаңғыртып, одан әрі мағынасы мен мәнін тереңдете түседі. Композицияның тағы бір қыры оның әдебиеттің түрлі тектерінің түріне қарай заңдылықтарының өзгеріп отыруы. Мысалы, поэзиялық шығармаларда композицияның бөлшектеріне шумақ, тармақтар жатса, драмалық шығармаларда көбінесе басты рөлді диалог иемденіп, сипаттаулар мен қысқаша түсініктемелер ремаркаға сыйғызылады. Ал, эпикалық шығармаларда көбінесе композиция бөлшектерінің бірі ретінде – лирикалық шегініс – автордың ойы мен сезімін шығармада тікелей көрсету үшін пайдаланылады. «Бәлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жаралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шыныменде қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде сайға келіп, жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау, мәңгі-бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?», - деп бұлардың өздеріне кінә артып тұра ма?[3]. Осы үзіндіге мән бере қарасақ, бұл Ләйләнің монологі дей аласыз ба? Әрине, жоқ. Бұл нағыз автордың жүрегінің түбінен бір шыққан сол заманның қатыгез адамдарына деген наласы емес пе? Ләйләдей сол заманның жастарына деген мейірімі мен махаббаты. Содан шыққан жүрекжарды сөзі. Шығармадағы «Сорлы-ау, мәңгі бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған?» деп ашықтан – ашық атом ядросының зардабын айтып тұр. Автор қолданған бұл құрал – шығарманың эмоциясын тереңдетіп, оқырман назарын одан әрі шығармаға үңілдіре түседі.

«... Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп- кішкентай иығына қолын салып:

-Ләйлек, жүр билейік. Мен сені биге шақыруға келдім.

... Меңіреу адамша сілейіп қатып қалыпты. Қыз егделеп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан ояңандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі...»[3]

Шығармада Ләйләнің өз әлеміне ерік беріп, өзге әлемді ұмытып өзінше бақытқа бөленгісі келетін сезімдерін автор оқырманның жүрегіне жылы жеткізеді. Шығарманың осы бір тұсы негізгі оқиғадан бөлек жеке оқиға болғандықтан, лирикалық шегініс қатарына кіріктіруге әбден болады. *Шығармадағы жеке оқиғалардың өз алдына бүтіндік сипат алып, белгілі бір дәрежеде аяқталғандай болып келуі оның композициялық құрылысын ширата түседі.[2,112б.]* Автор лирикалық шегіністі көбінесе өз шығармасының сипаты мен міндетін хабарлау мақсатында қолданады. Бұл тәсіл арқылы шығарманың ең маңызды деген

тұстарына баса назар аударылады, сондықтанда лирикалық шегініс шығарманы одан әрі қызықты етіп, оқырманның назарын шығармаға мейлінше аударуға ықпал етеді.

Бұдан басқа композицияның пейзаж, интерьер секілді бөлшектері де бар. Пейзаж табиғатты, жаратылыс суретін көркем тілде жеткізу болса, интерьер – шығармадағы кейіпкерлердің тұрмыс - тіршілігін айқынырақ беру үшін тұрмыстық заттардың бейнеленуі.

«Дөп – дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. ...Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап – жарық. ... Түн жамылған сай іші жап – жарық Ай таң атқандай ағарып барады» [3]. Жазушы Айды бірде Ләйләнің жан серігі ол бар кезде жарқырап ауылға сән беріп тұратын табиғаттың сыйы ретінде көрсетсе, енді бірде Ләйлә жоқта ол да нұрын, жарығын жасырғандай етіп көрсетеді. Пейзаж тек табиғатты, оның көркін ғана емес, адамның жан дүниесін, ондағы адалдықты, тазалықты дәріптейді.

Композиция – композициялық бөлшектер мен сюжеттік дамудың кезеңдерін реттеп тұратын біртұтас ұғым. Шығармадағы барлық бөлшектерді тұтастырып, бас – аяғы жинақы шығарма тудырып, оны негізгі идеяға бағындыратын да композиция. Композиция туындының міндетті компоненті. Сюжет кез келген шығармада болмайды, ал композиция шығарма құрылымын жүйелеп, реттейтін бірлік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық – моография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 бет.
3. <https://bilim-all.kz/article/15697-Mangilik-bala-beine?ysclid=lfk64r65oh4216271>

ӘОЖ 17.15.6

Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның сипаты

Қойшыбек Сабина Қалыбекқызы, Реимбай Орынша Турганбайқызы
orynsha.reymbai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ. М

Қазақ халқының өмір салтында сөз өнерінің алатын орны ерекше. Адам жанының ішкі сырын, толғанысын, тебіренісін, ойы мен сезімін жеткізуде сөз құдіретін айрықша бағалаған. Сөз құдіретін танытуда лирика жанры әрқашан да маңызды рөлге ие. Лирика – өлең сөз арқылы ақынның өз басының алуан түрлі нәзік түйсіктерін, күйініш-сүйінішін, ішкі сезім толғанысын суреттейтін жанр. Өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі жанр түрі - эпос. Екі жанр түрінің ерекшелігіне тоқталар болсақ, лирика – өзінің бойына ақындық «менді», оқырман мен ақын арасындағы ұштасқан көңіл – күй, сезімдерін біріктіріп, біте қайнастыратын көркем сөз жанры, ал «эпос – кейіпкер өмірін кеңінен баяндап, адам мен қоғам өміріндегі арналы шындықтарды, күрделі құбылыстарды, шығармаға арқау болатын тартыстарды жан – жақты көркем суреттейді» [1,407 б.].

Әдебиеттануда өзіндік ерекше стильдік сипатымен танылған, эпос пен лириканың сабақтастығынан туған көркемдік құбылыс – лирикалық проза. Бұл ұғым ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында ғана кеңінен өріс ала бастады. Лирикалық прозаның стильдік ерекшелігі: өмір шындығын, автор көңіліндегі сыр мен шығармада белең алған тартысты, автордың дүниеге деген көзқарасын, таным белсенділігін ақындық «мен» арқылы жеткізіп,